

Қазақстан Республикасының спортшыларын кезекті 2006 жылғы Туриндегі (Италия Республикасы) XX қысқы және 2008 жылғы Пекиндегі (Қытай Халық Республикасы) XXIX жазғы Олимпиада ойындарына қатысуға даярлау жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 наурыздағы N 286 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 12 мамырдағы N 691 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009.05.12 N 691 Қаулысымен .

Қазақстан Республикасының спортшыларын сапалы даярлауды және олардың кезекті 2006 жылғы Туриндегі (Италия Республикасы) XX қысқы және 2008 жылғы Пекиндегі (Қытай Халық Республикасы) XXIX жазғы Олимпиада ойындарында табысты өнер көрсетуін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1 . М ы н а л а р :

1) 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының спортшыларын кезекті 2006 жылғы Туриндегі (Италия Республикасы) XX қысқы және 2008 жылғы Пекиндегі (Қытай Халық Республикасы) XXIX жазғы Олимпиада ойындарына қатысуға даярлау жөніндегі ұйымдастыру комитетінің (бұдан әрі - Ұйымдастыру к о м и т е т і) қ ұ р а м ы ;

2) 2-қосымшаға сәйкес Туриндегі (Италия Республикасы) және Пекиндегі (Қытай Халық Республикасы) Олимпиада ойындарының жеңімпаздарына, жүлдегерлеріне және олардың жаттықтырушыларына арналған біржолғы төлемдердің мөлшері бекітілсін.

2 . Ұ й ы м д а с т ы р у к о м и т е т і :

1) спортшыларды кезекті 2006 жылғы Туриндегі (Италия Республикасы) XX қысқы және 2008 жылғы Пекиндегі (Қытай Халық Республикасы) XXIX жазғы Олимпиада ойындарына (бұдан әрі - Олимпиада ойындары) қатысуға даярлау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін;

2) кемінде жылына екі рет Ұйымдастыру комитетінің отырыстарында облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдерінің спортшыларды Олимпиада ойындарына қатысуға даярлау жоспарларының орындалуы туралы есептерін тыңдасын.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі:

1) Қазақстан Республикасының спортшыларын даярлауды және олардың Олимпиада ойындарына қатысуын қамтамасыз етсін;

2) алдағы Олимпиада ойындарына даярлау үшін республикалық сияқты, өңірлік деңгейде де спорттың басым түрлерін айқындасын;

3) ел құрама командаларының спортшыларын Олимпиада ойындарына даярлау үшін спорт саласындағы шетелдік мамандарды тартсын.

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі:

1) дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандарды даярлаудың сапасын арттыру үшін қазіргі заманғы білім беру технологияларын енгізу жөніндегі шараларды қабылдасын;

2) жоғары оқу орындарының жанынан жаттықтырушы-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру курстарын құру мүмкіндігін қарастырсын.

5. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) 2005 жылғы 1 мамырға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігіне Қазақстан Республикасының спорт түрлері бойынша құрама командаларын даярлау үшін көзделген спорт құрылыстарын қалпына келтіру және салу жөнінде ұсыныстар берсін;

2) кемінде жылына екі рет әкімдіктің отырыстарында дене шынықтыруды және спортты дамыту мәселелерін, жаттықтырушы-оқытушылар құрамының жұмысын қарасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрі Е.М.Қосыбаевқа жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2005 жылғы 30 наурыздағы

N 286 қаулысына

1-қосымша

**Қазақстан Республикасының спортшыларын кезекті
2006 жылғы Туриндегі (Италия Республикасы) XX қысқы және
2008 жылғы Пекиндегі (Қытай Халық Республикасы)
XXIX жазғы Олимпиада ойындарына қатысуға даярлау
жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің
құрамы**

Ахметов - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі,
Даниал Кенжетайұлы төраға

Қосыбаев - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
Есетжан Мұратұлы және спорт министрі, төрағаның орынбасары
Тұрлыханов - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
Дәулет Болатұлы және спорт министрлігі Спорт істері
комитетінің төрағасы, төрағаның орынбасары
Гамарник - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым
Геннадий Николаевич бірінші вице-министрі
Лавриненко - Қазақстан Республикасының Көлік және
Юрий Иванович коммуникация бірінші вице-министрі
Отто - Қазақстан Республикасының Ішкі істер
Иван Иванович бірінші вице-министрі
Коржова - Қазақстан Республикасының Экономика және
Наталья Артемовна бюджеттік жоспарлау вице-министрі
Ойнаров - Қазақстан Республикасының Қаржы
Азамат Рысқұлұлы вице-министрі
Тасболатов - Қазақстан Республикасының Қорғаныс
Абай Бөлекбайұлы вице-министрі
Тәжібай - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
Бақытбек және спорт министрлігінің Спорт істері
комитеті төрағасының орынбасары
Досымбетов - Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиада
Тимур Камалұлы комитетінің президенті (келісім бойынша)
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2005 жылғы 30 наурыздағы

N 286 қаулысына

2-қосымша

**Туриндегі (Италия Республикасы) және Пекиндегі
(Қытай Халық Республикасы) Олимпиада ойындарының
жеңімпаздарына, жүлдегерлеріне және олардың
жаттықтырушыларына арналған біржолғы
төлемдердің мөлшері**

*Ескерту. 2-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.12.29. N 1318
қаулысымен.*

1 - орын	-	250000	АҚШ	доллары
2 - орын	-	150000	АҚШ	доллары
3 - орын	-	75000	АҚШ	доллары

4 - орын	-	3 0 0 0 0	А Қ Ш	доллары
5 - орын	-	1 0 0 0 0	А Қ Ш	доллары
6-орын	-	5000	АҚШ	доллары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК